

Қараой мектеп-балабақшасы бойынша педагогикалық-психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстарға жылдық есебі

2023-2024 оқу жылында педагогикалық-психологиялық қызметі жоспар бойынша жұмыс жасалды. Білім алушылармен диагностика, түзету-дамыту, психологиялық кеңес, психологиялық профилактика жұмыстары жүргізілді.

Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндеті:

- Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

1. Психодиагностика
2. Психотүзету-дамыту
3. Психологиялық кеңес
4. Психологиялық профилактика

Педагогикалық-психологиялық қызметтің психодиагностика бағыты бойынша:

2023-2024 оқу жылында 1 сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн-Йирасектің «Мектепке қалыптасуын бағдарлаушы» тесті алынды. Тест қорытындысы бойынша бірінші сынып оқушыларының мектепке дайындық деңгейі қалыпты оқушылар мен педагог тарапынан көмек қажет ететін оқушыларды ескеріп, хаттама толтырылды. Хаттама сынып жетекшісіне таныстырылды. Оқушылардың отбасы туралы мағлұматтылығын тексеру мақсатында сауалнама, оқушының сынып оқушыларымен, педагогпен қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі алынды. Әдістеме қорытындысы бойынша ойын позициясындағы оқушылармен, жеке жұмыс жүргізілді.

3 сыныптың жетекшісінің сұранысы негізінде оқушылардың темпераментін анықтау мақсатында «Темперамент» әдістемесі алынды.

4 сынып оқушыларының жеке ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарын тану мақсатында «Кактус» әдістемесі алынды. Біліктілікті зерттеу мақсатында Э.Ф.Замбаявицене әдістемесі алынып, қорытындысы хаттамаға жазылды.

5,11-сынып оқушыларының оқу мотивациясын тексеруге арналған Н.Г.Лусканованың сауалнамасы алынды. Сауалнама қорытындысы сынып жетекшіге таныстырылып, ұсыныс берілді.

Мектеп директорының сұранысы негізінде 5-11 сынып оқушылары арасында «Оқушылардың пән мұғаліміне деген көзқарасын анықтау» тақырыбында сауалнама құрастырылып алынды. Сауалнама қорытындысы әр пәнге жеке-жеке шығарылып, қорытындыланды. Мектеп директорының сұранысы негізінде 5-11 сынып оқушылары

арасында «Мектеп кітапханасына көңіліңіз толады ма?» тақырыбында сауалнама құрастырылып алынды. Сауалнама қорытындысы хаттамаланды.

5-сынып оқушыларының сынып оқушыларымен, педагогпен қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Менің сыныбым» жобалау әдістемесі алынды. Қорытындысы хаттамаланып, сынып жетекшіге таныстырылды.

5-7 сынып оқушыларының депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды диагностикалау арқылы алдын алу мақсатында қазан айында «Гудман» сауалнамасы, ақпан айында аталған сауалнама қайта алынып, қорытынды шығарылды. қорытындысы бойынша оқушылардың депрессиялық деңгейі «қалыпты» болды.

Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынастарын анықтау, достық қарым-қатынас нығайту мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында «Социометрия» әдістемесі алынып, сынып лидерлері анықталды. Сонымен қатар лидерлікке бейім, ортаға бейім, таңдау алмаған оқушылар анықталды. Диагностика қорытындысы негізінде таңдау алмаған оқушыларды, топқа қосу мақсатында түзету-дамыту жұмысы жүргізілді.

6-11 сынып оқушыларынан қыркүйек айында жеткіншектердің агрессиясын диагностикалау бойынша «Басса-Дарки» әдістемесі алынып, жоспар бойынша қаңтар айында екінші рет алынды. Салыстырмалы диагностика жасалып, қорытындысында өзгерістер бар оқушылармен жеке сұқбат жүргізілді.

6-7 сынып бойынша оқушылардың депрессия деңгейін анықтау мақсатында қазан айында «Зунге шкаласы» әдістемесі алынды. Нәтижесінде депрессия деңгейі жоғары оқушы анықталмады.

8-11 сынып оқушыларының бойында депрессия, үрей және күйзеліс белгілері деңгейін анықтау мақсатында қазан айында «DASS» әдістемесі алынып, наурыз айында екінші рет алынып, салыстырмалы қорытынды шығарылды. Қорытындысында өзгерістер бар оқушылармен жеке сұқбат жүргізілді.

9-10 сынып оқушыларына Спирберг-Ханиннің мазасыздық шкаласын анықтауға арналған әдістемесі алынды.

9, 11 сынып оқушыларының кәсіби-тұлғалық бағалау мен тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау мақсатында «Дж.Голландтың тұлғалық типтерін анықтау» әдістемесі жүргізілді. Әдістеме қорытындысы бойынша 6 түрлі мамандық типіне сай келетін оқушыларға сипаттама беріліп, түсінік жұмысы жүргізілді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің психотүзету - дамыту бағыты бойынша:

1-11 сынып оқушыларына жүргізілген диагностика қорытындысы негізінде, психотүзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, хаттамаланып, электронды журналға тіркелді. 1-5 сынып оқушыларына психологиялық жаттығулар, 1-4 сынып оқушыларына психометриканы дамыту жаттығулары, 1-4 сынып оқушыларына қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жүргізіліп отырды.

Ұжымды ынтымақтастыруға қарым-қатынас дағдысын ұйымдастыру мақсатында 3-4 сынып оқушыларына «Мереке» психологиялық акциясы, 5-сынып оқушыларының жаңа жаңалықтар, түрлі сезімдер мен мәдени ақпараттарды жинақтау арқылы өмір сүру кеңістігін кеңейту мақсатында «Із кесуші» психологиялық акциялары өткізілді.

Сынып оқушыларының қарым-қатынастарын нығайту мақсатында 5-11 сынып оқушыларына психологиялық сергіту жаттығулары жоспар негізінде өткізіліп отырды. Қазан айында 8-сынып оқушыларына «Калейдоскоп», 5-6 сынып оқушыларына «Құпия дос» психологиялық акциясы өткізілді. Қаңтар айында 6-сынып оқушыларына

«Ұйқыдағы қала» жобалық ойын жүргізілді. Оқу процесіндегі маңызды емтихан кезіндегі күйзеліс ахуалдың алдын алу және психологиялық дайындығын нығайту мақсатында 9-сынып оқушыларына «Емтихан» психологиялық ойыны жүргізілді. 11-сынып оқушыларына ҰБТ алдындағы психологиялық қобалжуды жеңудің, өзін-өзі басқара алу бойынша психологиялық тұрғыдан қолдау жүргізілді. Қолдау барысында тренингтер, дәріс сабақ, сұқбат жүргізіліп отырды.

Педагогтермен: Мектеп бойынша ұжымның психикалық көңіл-күйлерін қалыптастырып, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, сыйластық қарым-қатынас орнату мақсатында «Ұйымшыл және тату ұжым», «Ұйымшыл және тату ұжым-2» тақырыбында тимбилдинг өткізілді. Тимбилдингте педагогтердің бір-біріне айта алмай жүрген мәселелері қозғалып, психологиялық тұрғыдан қолдау алды. Ұжымның көңіл-күйін көтеру, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында педагогикалық кеңесте ситуациялық ойын ойнатылды. Педагог зерттеушілердің апталығында «Жақсы көңіл-күй жанды жадыратады» тақырыбында тренинг жүргізілді. 8-наурыз мерекесі қарсаңында мектебіміздегі кіші қызметкерлерге «Ұжымдағы микроклиматты қалыптастыру» тақырыбында тренинг жүргізіліп, қызметкерлер мереке қарсаңында жақсы көңіл-күйге бөленді.

Ата-аналармен: «Оқу мен тәрбие – егіз» тақырыбындағы жалпы ата-аналар жиналысында тренинг, «Баланың басты ұстазы – ата-ана» тақырыбында 1-сынып оқушыларының ата-аналарымен білім алушылардың мектепке бейімделуі бойынша мағлұмат беріліп, тренинг жүргізілді. «Біртұтас тәрбие – құндылықтар жүйесі» тақырыбы негізінде ата-аналарға «Тәрбие – отбасынан басталады» видеоролик көрсетіліп, тренингпен жалғасты. 5-сынып оқушыларының бастауыштан орта буынға көшуіне байланысты жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, ата-аналар жиналысында баяндама жасалынды. Сонымен қатар ата-аналарға «Орын ауыстыру» ойыны мен «Тілек шамы» рефлексиясымен қорытындыланды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ашылуында «Жүректен жүрекке» тренингі жүргізілді. Мектебіміздегі ерекше білімді қажет ететін балалар және арнайы санаттағы балалар мен олардың аналарына «Ананың алақаны балаға айдынды қоныс» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг мақсаты: ананың баласына қаншалықты мейірім, уақыт бөлетінін анықтау, әр кезде уақыт тауып, мейірімділік көрсетуге баулу және жақын араласу. Тренинг барысында ана мен бала арасындағы махаббаттары күшейіп, бір-бірілеріне деген сенімдері нығайды деп есептейміз. Әкенің отбасындағы тәрбиеге деген маңызды рөл атқаратындығын көрсете білу, мектеппен әке байланысын ынтымақтастыру, өзара серіктестік орнату, әкенің баланың оқу-тәрбиеге қатысты жауапкершілігін арттыру мақсатында «Әкенің шаңырағы – теңдесі жоқ өмір мектебі» тақырыбында әкелермен дөңгелек үстел өткізілді. «Ер бала мен әкелерге арналған білім алушылардың сауаттылығын дамытуда отбасы мен қоғамның ролі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел Облыстық Білім басқармасы тарапынан зум платформасы арқылы өткізіліп, соңы мектеп психологі тарапынан психологиялық тренингпен жалғасты. 9-сынып ата-аналарына «Бақытынды балаңнан ізде» тақырыбында тренинг жүргізілді. Әкелер күні қарсаңында әкелерді мектеп өміріне қатыстыру, бір-бірімен қарым-қатынастарын қалыптастыру мақсатында өткізілген волейбол жарысы «Күн шуағы» тренингімен басталды. 8-наурыз мерекесі қарсаңында 4-сынып аналарымен «Мәңгі жарық сыйлаған» тақырыбында тренинг жүргізілді. Мектеп бойынша көпбалалы, «Күміс алқа», «Алтын алқа» иегерлері аналармен кездесу өткізіліп, тренинг жүргізілді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің кеңес беру жұмыс бойынша :

Нақты жағдайда білім беру үрдісінің субъектілеріне (оқушылар, педагог, ата-ана) пайда болған мәселелерді шешуге көмек беруге және оқу үлгерімінде қиындықтар барысында, білім алуға ықпал ететін өзара қарым-қатынас шеңберінде пайда болған сұрақтарды шешуге бағытталған әрекеттер жиыны ретінде жұмыстар жүргізілді. Кеңес беру психологиялық сау тұлғаларға бағытталды.

Жыл бойы өздерін жақсы сезінетін, бірақ ары қарай тұлғаның дамуы үшін мақсат қоятын, өмірлік міндеттерді шешудің тиімді жолдарын іздеген оқушылар да, педагогтар да, әсіресе сынып жетекшілер мен ата-аналарға кеңес берілді.

Психологиялық кеңес беру келесі негізгі мақсаттарды көздеді: білім беру үрдісі субъектісінің (оқушылар, педагог, ата-ана) барлық объективті қиындықтарға қарамастан, мінез-құлқының өзгеруіне, оқу үрдісінен қанағаттана алатындай сапалы өмір сүруге ықпал етуболды.

Жыл бойы кеңес беру келесі бағыт бойынша іске асырылды:

- 8-9 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»;
- 10-11 сынып оқушыларымен «Девиантты мінез-құлықтың алдын алу»;
- 11-сынып оқушыларына аптасына бір реттен ҰБТ – ға психологиялық мақсатында қолдау көрсетіліп отырды. Сонымен қатар диагностика қорытындысы бойынша жекелеген кеңестер жүргізілді.

Консультацияда қозғалған мәселелер көбіне келесі бағытта болды:

- Мінез-құлықтық;
- эмоционалды;
- қақтығыстық;
- диагностикалық.

Жыл бойы психологқа консультативті көмек алу үшін 174оқушы, 10 ата-ана, 8 педагог келді. Кеңеске келген білім алушыларға, ата-аналарға, педагогтарға кеңеске келу себебі бойынша кеңестер беріліп, кеңес беру журналында тіркелді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің психологиялық профилактика бағыты бойынша:

Мектеп-балабақша бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл, ерте жүктіліктің алдын алу және жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатындағы жұмыстарды күшейту, жандандыру жоспарына сай профилактика жүргізілді. Қыркүйек айында 9-11 сыныптар арасында «Бақыт құпиясы» атты тренинг өткізіліп, 9-11 сыныптар арасында «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын» атты сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Қорытындысы бойынша зорлық-зомбылдық көріп жүрген оқушылар жоқ екені анықталды. Қазан айында «Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыбында 7-11 сынып қыз балаларымен тренинг жүргізілді. Қараша айында 6-сынып оқушыларына «Мен тандаған жол» профилактикалық сабақ, «Қыз инабаттылығымен әдемі - әдептілігімен сәнді» атты қыз балалармен аналарына бірлескен дөңгелек үстел өткізілді. Желтоқсан айында 5-сынып оқушыларына «Өмір-ғажап» тренинг-сабақ, 10-сынып оқушыларына «Біз салауатты келешек үшін» профилактикалық сабақ, 8-11 сынып оқушылары арасында буллингтің климаттық ерекшеліктерін анықтау, суицидтің алдын-алу мақсатында Ойыл аудандық прокуратының хаты негізінде Ойыл аудандық білім бөлімінің нұсқаулығымен сауалнама алынды. Сауалнамаға 46 оқушы қатысты. Сауалнама қорытындысы шығарылып, мектеп әкімшілігі, педагогтер ұжымына таныстырылып, хаттамаланды. 8-11 сынып оқушылары арасында «Күш көрсетуге кезіктің бе?» атты жасөспірімдер арасында күш көрсету әрекеттерін анықтау, суицидтің алдын-алу мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға 42

оқушы қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша кикілжіңге, күш көрсетуге кез болыпжүрген оқушы жоқ екені анықталды.

Қаңтар айында ата-аналар жиналысында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндама барысында отбасындағы кикілжіңдер, зиянды әрекеттер балаға әсер ететіндігі айтылып, баламызға дұрыс тәрбие берілуі қажет екендігі айтылды.

2-6 сыныптар арасында «Жоқ» деп айта аласың ба?» тақырыбында буллингтен, кибербуллингтен сақтану жолдары түсіндіріліп, видеоролик көрсетілді. Аталған жағдайға кезіккен кезде қандай әрекетету керектігі жөнінде айтылды. 7-сынып оқушыларына буллинг, кибербуллингке қарсы өз ойларын білу мақсатында профилактикалық сабақ өткізілді.

Ақпан айында 5-7 сынып оқушыларына қиын жағдайдан шыға білуге үйрету, оқушыларды эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Мен ғажайыппын» тренинг өткізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күн талабы» тақырыбында 7-8 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сонымен қатар 7-8 сынып оқушыларынан құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сауалнама алынды. 4 сынып оқушыларына қиын жағдайдан шыға білуге үйрету, оқушыларды эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Мен ғажайыппын» тренинг өткізілді, 3-сынып оқушыларына «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында тренинг өткізілді.

Наурыз айында қыз балаларға «Үлгілі үйдің қыздар» тақырыбында профилактикалық сабақ өткізілді. Сәуір айында 9-11 сынып оқушыларына құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша сауалнама алынды. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Ерте жүктілік туралы білесің бе?» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша қыз балалар «ерте жүктілік» туралы хабардар екені анықталды. 8-сынып оқушыларына «Өзімізді тану, бір-бірімізге қуаныш сыйлау» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Қыз балаларды біріктіру, бір-бірімен қарым-қатынас жасаудағы кедергілерді жою, эмоциялық көңіл-күйді белсендіру мақсатында «Достық travel» атты табиғат аясында тимбилдинг жүргізілді. Тимбилдингте қыздар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болды. Мамыр айында «Бүгінгі бала, ертеңгі ата-ана» тақырыбында қыз балаларға түсіндірме жұмыс жүргізіліп, тренингпен жалғасты. 11-сынып оқушыларына ҰБТ алдындағы қорқынышты жеңу, өз-өзіне сенімділігін арттыру мақсатында «Сенім – менің серігім» атты табиғат аясында тимбилдинг жүргізілді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс бойынша:

Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс бойынша педагог-психолог жеке өзіндік сайыстарға, аудандық, облыстық ұйымдастырылған семинарларға қатынасты. Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Қазіргі отбасылардың психологиялық мәселелерін сүйемелдеу мен қолдау» семинары; Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен «Мектеп-отбасы-бала» тақырыбындағы дөңгелек үстел; «Ойын технологиялары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды-танымдық қабілеттерін дамыту» аудандық семинар-практикумға офлайн қатынасты.

Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен «Қалыпты қарым-қатынас техникасы» коуч-сессия; «Нейро-дәй: дене, эмоция және интеллект» семинар-кеңес; «Ер бал мен әкелерге арналған білім алушылардың сауаттылығын дамыту, отбасы мен қоғам ролі» тақырыбындағы семинарларға зум платформасы арқылы онлайн қатынасты.

«Үздік жыл психологі» конкурсының аудандық кезеңінде қазіргі білім үрдісіндегі педагогикалық-психологиялық шеберлігін және кәсіби, әдістемелігін біліктілігін көрсеткені үшін I дәрежелі дипломмен марапатталып, облыстық кезеңінде мақтау қағазымен марапатталды.

2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының аудандық кезеңінде медицина, психология, экология секциясы бойынша

